



Қ.Рысқұлбеков атындағы №33 орта мектеп



“Алтын адам”





Есік қорғаны



I топ. 1-тапсырма. ДЕРЕКПЕН ЖҰМЫС.

ЕСІК ҚОРҒАНЫН ҚАЗУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қай
аумақтан
табылды?

Кім зерттеді
?

Қай
жылы?

Қазба
барысында
не
табылды?

Нешінші
алтын адам

Ескерткішті
ң
ерекшелігі



II топ. 1-тапсырма. Дерекпен жұмыс.

АРАЛТӨБЕ ҚОРЫМЫН ҚАЗУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қай аумақтан
табылды?

Кім зерттеді ?

Қай жылы?

Қазба
барысында не
табылды?

Нешінші алтын
адам

Ескерткіштің
ерекшелігі



III топ. 1-тапсырма. ДЕРЕКПЕН ЖҰМЫС.

ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫН ҚАЗУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қай аумақтан
табылды?

Кім зерттеді ?


Қай жылы?

Қазба
барысында не
табылды?

Нешінші алтын
адам

Ескерткіштің
ерекшелігі





К.А. Ақышев





№1 Алтын киімді адам





«АЛТЫН АДАМ» — 1970-ші жылдарының

басында Есік қорғанында — сақтар тайпасының жас көсемінің зираты табылды. Дәлірек айтқанда: Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жсауынгерінің мүрдесі. 1969-1970 жылдары археолог К.А. Ақышев тапқан.



Есік





Самашев Зайнолла

Екінші «Алтын адам» 1999 жылы Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан табылған. Олжаны қазу жұмыстарын тарих ғылымдарының кандидаты Зейнолла Самашев жүргізген. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырға жататын осынау алтынмен көмкерілген жанды оның болат семсеріне қарап, ғалымдар сарматтардың көсемі деген қорытындыға келген екен.

№2 Алтын киімді адам





№3 Алтын киімді адам

Үшінші «Алтын адам» 2003 жылы табылған. Профессор, тарих ғылымдарының докторы Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтар қауымы бұл олжаны Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығынан қазып алған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл «Алтын адам» біздің дәуірімізге дейінгі VII-VIII ғасырларда өмір сүрген. Мекен еткен жеріне және үстіндегі құйма алтыннан жасалған аң- құс белгілеріне қарағанда сақ патшасына келетін бұл олжа әлі де зерттелу үстінде.



№4 Алтын киімді адам

Шығыс Қазақстан облысы Берел қорғанынан табылған Сақ көсемі тұлпарының реконструкциясы, алтын бұйымдар табылған. бұл «Алтын адам» біздің дәуірімізге дейінгі IV- III ғасырларда өмір сүрген.



Мойынға тағатын
әшекей (нектораль),
б.з.д. VI-V ғғ.;



Бұғылар, жапсырма,
б.з.д. V ғ.;

◀ Сақ жауынгерлері



Келесі Алтын киімді адам Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың ауылынан 5 шақырым жерден табылды. Ғалымдардың пайымдауынша, бұның барлығы біздің эрамызға дейінгі VII-VI ғасырдың дүниелері. Бұл керемет байлық табылып жатқан қорған сол замандарда қатты тонауға ұшыраған екен. Бұдан да керемет құнды дүниелерді алып кеткенге ұқсайды. Осыған қарап-ақ қорғанда тегін адам жерленбегеніне көзіміз жетіп отыр дейді қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археологтар.



№5 Алтын киімді адам





**ТАБЫЛҒАН БҰЙЫМДАР,
ӘШЕКЕЙЛЕР МЕН ӨРНЕКТЕР**







Тәуелсіздік монументі

Медальдар

Пошта маркасы

1000 теңгелік алтын мәнеттегі
Алтын адамның бейнесі

Мағынаны тану кезеңі.

(Т) 1-тапсырма: Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» зерттелуі туралы жалпы ақпарат алу үшін оқушылар **Деректермен жұмыс** арқылы «**Алтын адамдардың қорғанын қазу және зерттеу жұмыстары**» постер қорғау.

1-топ. Бірінші алтын адам

2-топ. Екінші алтын адам.

3-топ. Үшінші алтын адам.

Бұл тапсырма арқылы оқушылар қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын біледі

ҚБ Үш шапалақ



2-тапсырма. Пікір алмасу

1-топ. Есік қорғанынан табылған адам неліктен «Алтын адам» деп аталды?

2-топ. Атажұртымыз – «Алтын адамдар» мекені» деген пікірмен келісесіз бе?

**3-топ. Алтын адам мемлекетіміздің символына айналды ма?
(әрқайсына 2-6 дәлел)**

Барлық оқушылар- кем дегенде 2 дәлел

Көпшілік оқушылар- 4 дәлел

Кейбір оқушылар - 6 дәлел келтіреді.

ҚБ Бас бармақ




**(Т) 3-тапсырма. Жәдігер сөйлейді.
Жәдігерді өнер туындысы ретінде
жарнамалап, сатып алу ұсынылады.**

Топтар өздерінің атауларына сәйкес жәдігерді сипаттайды немесе жарнамалайды. Соңында сынып алдында қорғайды.

Бұл тапсырманы орындауда тапсырма мазмұнының толық ашылуы, креативтілік және ұйымшылдық талаптарын ескеріу. Оқушылар қойылым, сурет, постер, слайдты көрсетілім, және т.б түрде жарнамаларын дайындаулары мүмкін. Топтар

бір-біріне баға береді. Бұдан соң барлық сынып оқушыларынан қай жәдігерді сатып алатынын қол көтеру арқылы анықтаңыз. Қай жәдігерді сатып алушылар көп болса сол топ жеңіске жеткенін атап өтеді.



КАРТАМЕН ЖҰМЫС



Үй ТАПСЫРМАСЫ:

- Жаңа сөздерді жаттау.
- Шығармашылық тапсырма – “Алтын адам” туралы шығарма жазу.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!

